

Алматы қаласы
 Қоғамдық даму басқармасы басшысының
 2024 жылғы «21» 05
 № 45 бұйрығына қосымша

2024 жылға арналған Үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Нысаналы индикатор
1.	Азаматтық қоғамның дамуына, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу	Алматы қаласында ТДМ іске асыру Қоғамдық мониторинг орталығы	Жоба Алматы қаласында БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мониторингі бойынша талдамалық негізді және тиісті деректер базасын құруды көздейді. Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасының негізіне сәйкес іске асырылатын болады.	11 076 000 теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p>Нысаналы индикатор: Алматы қаласының тұрғындарын кемінде 17 ақпараттық материалдарды әзірлеу және тарату арқылы қалада тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу туралы хабардар ету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: 1) 2022 жылдан бастап қаланы дамытудың жергілікті бағдарламалары шеңберінде Алматы қаласының әкімдігі және өңірлік ҰЕҰ іске асыратын Алматы қаласын тұрақты дамыту жөніндегі жобаларды мемлекеттік органдар үшін электрондық деректер базасын</p>

	<p>2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласындағы күн тәртібі жалпыға бірдей қолданылатын жаңа жаһандық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Осы қағида шеңберінде азаматтық қоғам институттарын БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын жергілікті деңгейде іске асыруға енгізу және имплементациялау процесіне тарту жандандырылатын болады.</p> <p>Әлеуметтік эффект инфографика және/немесе дашбордтар түріндегі ақпараттық жағдайды жариялау арқылы аналитикалық материалдарды көпшілікке жариялау болып табылады. Нәтижесінде әртүрлі әлеуметтік қоғамдық топтарда әкімдік пен ҰЕҰ жобаларын іске асыруды ескере отырып, Алматы қаласының ТДМ-ға қол жеткізу туралы құзырет</p>			<p>(MS Excel пайдалана отырып) қалыптастыру;</p> <p>2) Тұрақты дамудың мақсаттары мен міндеттері бөлінісінде дерекқордағы ақпаратты құрылымдық шоғырландыру;</p> <p>3) 2022 жылдан бастап Алматы қаласын дамытудың статистикалық деректерін талдау, сондай-ақ ресми көздер шеңберінде әкімдік пен ҰЕҰ тарапынан іске асырылып жатқан жобалар туралы ақпараттың ашықтығы мен өзектілігін бағалау негізінде Тапсырыс беруші үшін талдамалық баяндама дайындау;</p> <p>4) Талдамалық баяндама негізінде Алматы қаласында тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу туралы кемінде 17 ақпараттық материалдарды (инфографика, дашбордтар) әзірлеу және оларды БАҚ арқылы тарату;</p> <p>5) Алматы қаласы әкімдігі мен жергілікті ҰЕҰ өкілдері үшін тұрақты даму бойынша үздік</p>
--	---	--	--	--

			қалыптастырылатын болады.				тәжірибелермен таныстыру және жобаларды кейіннен көбейту үшін кемінде 2 іс-шара ұйымдастыру.
--	--	--	------------------------------	--	--	--	---